ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 31 тамыз №7119-23-00-2/9442 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Н.К.Сейдахметова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№27 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ЖАУАПКЕР:
«АТК 2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АТК 2010» (101040017770 БСН) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «АТК 2010» (101040017770 БСН) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Астана қаласы әкімдігінің «№27 мектеп-лицей» (840940000016 БСН) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 1 737 (бір мын жеті жүз отыз жеті) тенге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер «АТК 2010» (101040017770 БСН) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 777 (бір мын жеті жүз жетпіс жеті) тенге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.К.Сейдахметова**

Құжатқа қол қойылған: Сейдахметова Н. К., 01.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.10.2023, судья Нургалиева Ж. Д., 18.10.2023

7119-23-3-1/9292